ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
МИНИСТРЛІГІ

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ
КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ПО УПРАВЛЕНИЮ
ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.05.2026 № 118-н/қ

Астана қаласы

город Астана

Өкілдік шығыстарды
белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы №145 «Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы» қаулысының 1 тармағы 6 тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Ауыл шаруашылығы аэрофотогеодезиялық іздестіру мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қоса беріліп отырған өкілдік шығыстар лимиті белгіленсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Д.Е. Бижановка жүктелсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға **М. Теміржанов**

000187

2026 жылғы 2205 ЛНР-н/ж
бұйрыққа қосымша

Ведомстволық ұйымдардың өкілдік шығыстарының лимиттері

р/с №	Шығыстардың атауы	Айлық есептік көрсеткіштердегі құны (бұдан әрі – АЕК)
1	Делегациялар қабылдаулар өткізу (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас) шығындары күніне бір адамға арналған есеп бойынша жүргізіледі	3 АЕК-ке дейін
2	Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Парламенті палаталары төрағаларының, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеңесшісінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің және Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының қатысуымен өтетін қабылдаулар өткізу (таңғы ас, түскі ас, кешкі ас) шығындары күніне бір адамға арналған есеп бойынша жүргізіледі	10 АЕК-ке дейін
3	Келіссөздер, мәдени бағдарлама іс-шаралары кезінде бір күнде бір адамға кофе-брейк	1 АЕК-ке дейін
4	Шетел делегацияларына Қазақстан Республикасының аумағында көлікпен қамтамасыз етуге арналған сағаттық төлем есебімен қаржыландыру жоспарында көзделеді	жеңіл көліктер – 1 АЕК-ке дейін, шағын автобустар – 1,6 АЕК-ке дейін, автобустар – 2 АЕК-ке дейін
5	Естелік сыйлықтар	ұсынылған баға ұсыныстарының ең төмен құны бойынша